

« Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы
М.А.Сванов
« 18 » желтоқсан 2024ж

**«Адал азамат» тақырыбында 6-8 сынып оқушылары арасында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы аудандық сырттай сурет байқауын
ұйымдастыру және өткізу**

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Адал азамат» атты аудандық сырттай сурет байқауын ұйымдастыру және өткізу ережелері (әрі қарай-Байқау) байқаудың ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.
Байқаудың негізгі мақсаты- оқушылардың отансүйгіштік , патриоттық сезімдерін , адал еңбекті дәріптеу, адалдық танымдық көзқарастарын қалыптастыру.
Міндеттері:
 - Жас ұрпақтың бойында адалдық, еңбекқорлық, іздемпаздық туралы түсінікті қалыптастыру;
 - Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру арқылы танымын, көркемдік талғамын қалыптастыру;
 - Өнердің түрлі техникасында жұмыс істеуге баулу.
2. Байқаудың ұйымдастырушылар қазылар алқасымен ұйымдастыру комитетінің құрамы жасайды.

2. Өткізілетін орны мен уақыты

3. Байқау жұмыстары электронды форматта ютуб желісіне «# адал азамат» хештегіне орналастырып, сілтемесін 2024 жылдың 17 желтоқсан күнінен кешіктірмей aigerim_raxmanbergen@mail.ru электронды поштаға жіберілуі тиіс. Аудандық байқау 2024 жылдың 18 желтоқсан күні өтеді.
4. Байқаудың облыстық кезеңіне аудандық кезеңдегі іріктеуден өткен жүлделі жұмыстар жіберіледі.

3. Қатысушылар

5. Байқауға жалпы орта мектептің 6-8 сынып оқушылары қатыса алады.

4. Жұмыстың мазмұндылығына және рәсімделуіне қойылатын талаптар

6. Ұсынылған оқушылардың суреттері байқау мақсаттарына, міндеттеріне, тақырыптарға сәйкес келуі тиіс.

7. Оқушылардың жұмыстарына қойылатын талаптар:

- а) сурет байқауына қатысу үшін А4 пішінді көлемнен кем болмайтын, бейнелеу өнерінде қолданатын материалдармен, түрлі техникада орындалған жұмыстар қабылданады.
- ә) суреттер эстетикалық талапқа сәйкес безендірілген, сапалы болуы керек.
- б) әр суреттің бұрыштамасында мемлекеттік немесе орыс тілдерінде тегі, аты, жасы, жылы, мектеп атауы, ауданы жазылуы қажет.
- г) гуашь, акварель, қарындаш, фломастер және т.б. әртүрлі техникада орындалған суреттердің түп-нұсқалары қабылданады.

8. Жұмыстың бағалау критерийлері:

- жарияланған тақырыптың мазмұнына сәйкестігі, тақырыптың ашу деңгейі;
- шығармашылық талғамы, композициясы, техникасы . сапалық және эстетикалық талапқа сәйкестігі;
- материалдың бейнелігін, түпнұсқалылығын және көркемдік мәнерлігін көрсету.

5. Байқауды өткізудің шарттары мен талаптары

9. Байқауды өткізу мен дайындау бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру мен іске асыру үшін аудандық ұйымдастыру комитеті құрылады.

10. Жоғарыда аталған талаптар бұзылған жағдайда байқауға ұсынылған жұмыстар қарастырылмайды және байқауға қатыса алмайды.

11. Ұсынылған жұмыстарға пікір жазылмайды.

6. Байқаудың нәтижесін қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

12. Байқау қорытындысы жас санаттары бойынша хаттамамен рәсімдейді.

13. Байқау жеңімпаздары әрбір сыныптар бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.